

2011 жылы халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шараларға арналған әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 16 наурыздағы N 109/2 қаулысы. Павлодар облысы Шарбақты ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 14 сәуірде N 12-13-125 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімі аппарат басшысының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі N 35/01-17/820 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімі аппарат басшысының 27.09.2013 N 35/01-17/820 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13), 14) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1 бабы және 7 бабының 5-4) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Тұрғындардың мақсатты топтың арасынан жұмыссыздарды алты ай мерзіміне жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылсын.
2. Тұрғындардың мақсатты топтың арасынан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеудің тәртібі бекітілсін.
3. Шарбақты ауданы бойынша мақсатты санаттағы тұрғындардың қосымша тізбесі 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін жұмыс берушілерді іріктеу жөніндегі комиссия құрамы 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
5. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жұмыссыздың еңбекақысын төлеу үшін жұмыс берушінің шығындары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі еңбекақы көлемінен елу пайыз мөлшерінде жергілікті бюджет қаржысы есебінен бөлшектеп өтеледі.
6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтардан туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бақтылы Қайырбекқызы Қалыбаеваға жүктелсін.

Аудан әкімі *С. Смағұлов*
Шарбақты ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 16 наурыздағы
№ 109/2 қаулысымен
бекітілді

Тұрғындардың мақсатты топтың арасынан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеудің тәртібі

1. Барлық меншік құрылымындағы жұмыс берушілер "Шарбақты ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өкілетті органына әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға өтініш береді (одан әрі - Өкілетті орган).

Өкілетті орган жұмыс берушілердің барлық нысандағы өтініштерін қарайды және оларға шешім қабылдайды.

2. Жұмыс берушілерді іріктеу жөніндегі комиссия келесі шартпен әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған жұмыс берушілердің тізімін бекітеді :

кәсіпорынның төлем қабілеттілігі, мемлекет алдында салық және басқа міндетті төлемдер бойынша борышының болмауы (банктен анықтама);
кәсіпорынның зейнетақы және әлеуметтік сақтандыру қорларына аударым жасауды жүзеге асыруы (салық комитетінен декларация);
жұмысшыларға дер кезінде еңбекақы төлеуі;
жұмыс орнының қауіпсіздік техникасы нормаларына сәйкес болуы;
кәсіпорында жұмыс күні ұзақтығын белгілеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексі нормаларын сақтау.

3. Өкілетті орган әлеуметтік жұмыс орындарын құру үшін жұмыс берушілерді іріктеу бойынша Комиссия шешім қабылдағаннан кейін, жұмыс берушілермен әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін шарт бекітеді.

Келісімшартта тараптардың міндеті, жұмыс түрі, көлемі, еңбекақы мөлшері және төлеу шарты, мерзімі және әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері, жіберілген жұмыссыздар саны көрсетіледі. Шарт 6 ай мерзіміне дейін жарамды. Жұмыс уақытша сипатта болады және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары және бос жұмыс орындары қолданылмайды.

4. Өкілетті орган жұмыс берушілермен шарт бекіткеннен кейін, мақсатты санаттағы жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға

ж і б е р е д і .

5. Жұмыс беруші жіберілген жұмыссызды әлеуметтік жұмыс орындарына қабылдайды, онымен еңбек шартын бекітеді, қауіпсіздік техникасы нормаларына сәйкес жұмыс орнын ұсынады.

Жұмыс беруші өкілетті орган берген жолдамаға тиісті белгі қою арқылы жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту себебін көрсете отырып, ол туралы дер кезінде (өкілетті орган оған азаматтарды жіберген күннен бастап бес жұмыс күн ішінде) хабарлауға міндетті.

6. Жұмыс беруші еңбекақы төлемі бойынша шығындарды өтеу үшін жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін, сонымен қатар әр айдың 25 күні өкілетті органына жұмыс күні кестесін және орындалған жұмыс актісін ұсынады.

7. Мақсатты топтағы жұмыссыздарға әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілерді іріктеу туралы осы тәртібінің орындалуын бақылау өкілетті органына жүктеледі.

Шарбақты ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 16 наурыздағы
N 109/2 қаулысына
1 қосымша

Шарбақты ауданы бойынша тұрғындардың мақсатты топтың қосымша тізбесі

1. Отбасында бір де біреуі жұмыс істемейтін жұмыссыздар.
2. 21-ден 24 жасқа дейінгі жастар.
3. 50 жастан асқан жұмыссыз азаматтар.

4. Ұзақ уақыт жұмыс істемеген жұмыссыздар (тоғыз айдан артық).

Шарбақты ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 16 наурыздағы
N 109/2 қаулысына
2 қосымша

Әлеуметтік жұмыс орындарын құру үшін жұмыс берушілерді іріктеу жөніндегі комиссия құрамы

Қалыбаева Бактылы Қайырбекқызы	- Шарбақты аудан әкімінің орынбасары, төраға;
Гейнц Нина Михайловна	- "Шарбақты ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі, комиссия хатшысы;
Комиссия мүшелері:	

Смаилханова Гүлмира Қаратайқызы	- "Шарбақты ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы;
Буркацкий Николай Ильич	- "Шарбақты ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы;
Сероокая Людмила Григорьевна	- Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы;
Құсаинов Санат Жұмашұлы	- аудан әкімінің құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесшісі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК